

Оңтүстік Қазақстан облысында жылу маусымына дайындық және өткізу Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 12/111-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен 2013 жылғы 24 сәуірде № 2275 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 44/369-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 09.12.2015 № 44/369-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағы 4-1) тармақшасына сәйкес Оңтүстік Қазақстан

облыстық мәслихаты **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Оңтүстік Қазақстан облысында жылу маусымына дайындық және өткізу қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы **Ө.Мелдеханов**

Облыстық мәслихат хатшысы **Қ.Ержан**

Оңтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының 2013 жылғы 28
наурыздағы № 12/111-V
шешімімен бекітілген

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жылу маусымына дайындық және оны өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

Осы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жылу маусымына дайындық және оны өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі, Заңы, «Электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 желтоқсандағы № 1822

қаулысы, «Электр энергиясын пайдалану және Жылу энергиясын пайдалану ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы № 10 бұйрығы негізінде әзірленген және Оңтүстік Қазақстан облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу тәртібін анықтайды.

1. Қағидалар Оңтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органдары, тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешен ұйымдарының облыстың өндірістік, әлеуметтік, тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешен объектілерін жылу маусымына дайындық, оның өтуі кезеңінде тұрақты қызмет көрсетуін қамтамасыз ету үшін қызметін үйлестіреді.

2. Облыстың тұрғын үй-коммуналды және отын-энергетикалық кешеніне жататын ұйымдар мен мекемелер тұтынушыларды жылумен жабдықтауды тұрақты қамтамасыз етеді, сондай-ақ энергия тасығыштардың қажетті параметрлерін сақтайды және тұрғын үйлер мен ғимараттардағы қалыпты температуралық режимді, олардың белгіленуі мен энергия тұтынудың төлемдік тәртібін ескере отырып қамтамасыз етеді.

3. Облыс аумағында күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа объектілердің дайындығы қысқы жылу маусымына дайындық туралы облыс әкімдігінің жыл сайынғы қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Өз құзыреті шегінде Оңтүстік Қазақстан облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізуді үйлестіруді Оңтүстік Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен жүзеге асырылады (бұдан әрі - Басқарма).

5. Облыстың қалалары мен аудандарының елді мекендерінде жылу маусымына дайындық және оны өткізуді үйлестіру, энергетикалық кешен, тұрғын үй қоры, әлеуметтік сала және инженерлі - инфрақұрылым объектілерінің қысқы жағдайлардағы жұмысқа дайындығын тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласындағы, облыстың қалалық (аудандық) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады (бұдан әрі - Уәкілетті орган).

6. Алдағы жылу маусымында облыстың өңірлерінің инженерлік-энергетикалық кешен және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін қысқы жағдайларда жұмысқа дайындаудың жыл сайынғы жоспарын (бұдан әрі – жылу маусымына дайындалу жоспары) ұсыну тәртібі:

1) облыстың тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешеніне жататын кәсіпорындар жыл сайын, жылу маусымының аяқталуы бойынша Уәкілетті органға, заңда белгіленген тәртіпте жылу маусымына дайындалу жоспарларын ұсынады;

2) Уәкілетті орган ұсынылған жылу маусымына дайындалу жоспарларын бірыңғай жоспарға біріктіреді;

3) Уәкілетті орган жылу маусымына дайындалудың бірыңғай жоспарларын Басқармаға жинақтау үшін ұсынады.

7. Жылу маусымына дайындалу жоспарларын орындау жөніндегі есептер мына тәртіпте ұсынылады:

1) тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешенге жататын кәсіпорындарымен Уәкілетті органға – апта сайын;

2) Уәкілетті органмен өз өңірі бойынша жинақ есепті - Басқармаға апта сайын ;

3) Басқарма жинақ есепті – Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне апта сайын ұсынады .

8. Жылу маусымына дайындық кезінде жоспарланған жұмыстар орындалмағанда есепке:

1) орындалмау себептері көрсетілген анықтама;

2) ахуалды түзету бойынша қабылданып жатқан шаралар;

3) жұмыстарды орындаудың жаңа мерзімдері қоса беріледі.

2. Жылу маусымына дайындық

9. Жылу маусымының дайындығына:

1) өткен жылу маусымында анықталған ақауларды талдау, анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою бойынша іс-шараларды орындау;

2) жылу маусымына дайындалу жоспарларын әзірлеу;

3) мердігер ұйымдармен қаржыландыру және шарттар жасау, мәселелерін шешу, жөндеу және құрылыс-монтаж жұмыстарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету ;

4) жылумен жабдықтау көздері және орталық жылу пункттерінде қажетті жөндеу жұмыстарын өткізу, соның ішінде қазандықтар, түтікшелер, құбырларды қарау және сынап білу ;

5) жылу желілері жұмысының жылуды беру және гидравликалық режимінің кестесін әзірлеу ;

6) инженерлік желілерде, соның ішінде жаңартумен, күрделі және ағымдағы жөндеулер, сынаулар және шаюмен байланысты жұмыстарын орындау;

7) электр көздерінде, жылу көздерінде және инженерлік желілерде алдын-ала қарау, жоспарлы жөндеулерді орындау;

8) ғимараттарды (үйлерді) дайындау, ғимараттардың (үйлердің) ішіндегі инженерлік жүйелердің алдын-ала қаралуы, жөнделуі және ауыстырылуы бойынша жұмыстарды өткізу ;

9) энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінде технологиялық апаттарды және табиғат апаты салдарларын жою үшін негізгі

және резервті отынның нормативтік қорларын, сондай-ақ материалдық-техникалық ресурстарының апатты қорларын құру;

10) отын қоймаларын дайындау, қорлы отын шаруашылықтардың инженерлік жабдықтарының, отын дайындау, отын беру, қоқыс және күлдерді жою жүйелерінің, теміржол және автомобиль кіре беріс жолдарының, өртке қарсы шаруашылықтың жөнделуін орындау жатады.

10. Жылу желілерінің күзет аймағы шекарасында осы желілерге иелік ететін ұйымдардың жазбаша рұқсатынсыз:

1) кез келген объектілер мен құрылыстарда құрылыс, монтаждау және жер жұмыстарын жүргізуге;

2) тиеу- түсіру жұмыстарын жүзеге асыруға, әртүрлі алаңдар, автомобиль көліктерінің тұрақтарын жасауға, әртүрлі материалдарды жинауға;

3) қоршаулар мен шарбақтар салуға;

4) ұңғымалар мен шурфтарды орнатумен байланысты іздестіру жұмыстар жүргізуге;

5) биік жүгі бар немесе жүксіз машиналар мен механизмдердің жол немесе жер бетінен 4,5 метрден жақын өтуге (эстакадтарда автожолдар астында төселген жер үсті құбырларының астында) жол берілмейді.

Жылу желілерінің күзет аймақтарының теміржол және автомобиль жолдары тармақтарының алқаптарымен, құбырлардың күзет аймақтарымен, байланыс, телекоммуникациялар желілерімен және объектілерімен түйісуі кезінде түйісу аумақ учаскелерінде осы объектілерді пайдаланумен байланысты жұмыстарды өткізу мүдделі ұйымдармен олар арасында келісу бойынша жүзеге асырылады.

Жылу желілерінің және оның маңындағы күзет аймақтарындағы ұйымдар, заңды және жеке тұлғалар жылу желілеріне иелік етуші ұйымдардың қызметкерлерінің жылу желілерінің сақталуын және жазым жағдайларды болдырмауды қамтамасыз етуге бағытталған талаптарын орындайды.

11. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала объектілерінде апаттарды жою апатты жағдайларды жою тәртібіне сәйкес және жылумен жабдықтаушы, жылу беруші және жылу тұтынушы, жөндеу-құрылыс, көлік ұйымдары өзара іс-әрекет регламенті ескеріле отырып жүзеге асырылады.

12. Жылу көздері мен жылу желілерін пайдалану және жөндеу жұмыстарын өткізу қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

13. Жылу көздері мен жылу желілерін жаңарту және күрделі жөндеу жұмыстары жылыту аралық кезеңінде, облыстың қалалық (аудандық) жергілікті атқарушы органдармен келісілген жұмыстарды жүргізу кестесі бойынша жүргізіледі. Бұл ретте ғимараттарды (тұрғын үйлерді) электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау және сумен жабдықтауды қамтамасыз

ету бойынша жылу энергиясын пайдалануға арналған үлгілік шарттың талаптарына сәйкес шаралар қабылданады.

14. Жылумен жабдықтау көздерін және жылу желілерін жоспарлы жөндеу, сондай-ақ жылу желілерін сынаудан өткізу жергілікті атқарушы органдармен келісілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

15. Жылумен жабдықтау көздері мен орталық жылу пункттерінде жұмыстар мынадай мерзімдерде:

1) күзгі кезеңдегі жылыту қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажеттілері – жыл сайын 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде;

2) жүктелімнің қысқы максимумын өту кезеңінде жылыту қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажеттілері – жыл сайын 1 қазанға дейінгі мерзімде орындалады.

Жылумен жабдықтау көздерін қамтамасыз етуші электр, су құбырлы және газ коммуникацияларын жөндеу және алдын-ала қарау жұмыстары 1 қыркүйекке дейін аяқтау ұсынылады.

16. Қор отын шаруашылығын жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстары 1 қыркүйекке дейін аяқталады.

17. Күзгі-қысқы кезеңде энергетикалық көздеріндегі отынның пайдалану қорының нормасы меншік формасына қарамастан: жеткізілуі 100 километрге дейін қашықтықта – 15 тәулікті; жеткізілуі 100 километрден асатын қашықтықта – 30 тәулікті құрайды.

18. Тұтынушы мен энергия беруші немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымдар арасындағы жылу пайдалану жүйелерінің күйі мен қызмет көрсету жауапкершілігінің шегі баланстық тиесілігі немесе келісім бойынша анықталады және жылумен жабдықтауға арналған шартқа қоса берілген тараптардың пайдалану жауапкершілігі актісінде тіркеледі.

3. Жылыту режимі

19. Жылумен жабдықтаушы ұйымдарға 1 қыркүйекке дейін қаланың және ауданның жылумен жабдықтау жүйелерін байқап көру, қосу кестелерін және гидравликалық және температуралық көрсеткіштердің есептік кестелерін әзірлеп және жергілікті атқарушы органдарымен келісуге ұсынылады. Жылу желілерінің құбырлары тұтынушыларға берілген кестеге сәйкес бекітілген көрсеткішті жылу тасығышты (су және бу) беруді қамтамасыз етеді.

Қосу кестелерінде тұтынушыларды қосудың мына кезектілігі сақталуы тиіс:

- 1) бала, емдік және мектеп мекемелер, оқу орындар;
- 2) тұрғын үйлер, қонақүйлер, жатақханалар;
- 3) қоғамдық және тұрмыстық ғимараттар, театрлар, мәдениет үйлер,

әкімшілік ғимараттар, өнеркәсіп кәсіпорындар және басқа ғимараттар.

Бір уақытта толтырылатын үйшілік желілердің санын анықтау кезінде жылумен жабдықтау көздерінің шаруашылық-ауыз сумен қамтылуын, су дайындау және сіңдіру құрылғыларының өнімділігін ескеру қажет.

20. Барлық ғимараттарды (үйлерді) қосқаннан кейін пайдаланушы ұйымдар жабдықтардың жай-күйін тексеруін және үйшілік жүйелердің бастапқы реттелуін өткізеді.

21. Пайдалану үдерісінде анықталған жылумен жабдықтау көздерінің, жылу желілері мен үйшілік жүйелердің жұмысындағы кемшіліктер жылыту маусымының басына дейін жойылады.

22. Жылу маусымы жарияланғаннан кейін:

1) хабарландыру сызбасы белгіленеді, облыстың тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық кешен объектілерінің жауапты қызметшілерінің кезекшілігі бекітіледі;

2) кәсіпорындарда апатты-қалпына келтіру бригадалары дайындалады;

3) ғимаратты (үйді) пайдаланушы ұйымның персоналымен ғимараттың жылу тасығыш жүйесі жұмысын және жылылау күйін кезеңмен тексеру және бақылау ұйымдастырылады;

4) жылумен жабдықтау көздерінде қор және апатты жабдықтардың жұмысы, негізгі және қор отынның, құралдардың, материалдар мен қосалқы бөлшектерінің болуы тексеріледі.

23. Жылу көздерінде және жылу желілерінде апатты жағдай жарияланса:

1) барлық тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық кешен объектілерінде күні-түні кезекшілік енгізіледі;

2) қала (аудан) әкімінің өкімі бойынша кәсіпорындар мен ұйымдарда апатты жағдайларда пайдалану үшін тетіктермен және материалдармен қамтамасыз етілген қосымша апатты-жаңғырту бригадалардың күшейтілген дайындығы енгізіледі.

24. Күшейтілген және есептеуден тыс режимдері кезіндегі ғимаратты (үйді) пайдаланушы ұйымның қызметшілерінің қажетті іс-шаралар мен әрекеттер ұйымдардың тиісті нұсқаулықтарында көрсетілуі тиіс.

4. Жылу маусымының аяқталуы және жылытуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтауды қамтамасыз ету

25. Жылу маусымының аяқталуы жыл сайын қала (аудан) әкімінің өкімімен хабарланады.

26. Жылу маусымы аяқталғаннан кейін ғимаратты (үйді) пайдаланушы ұйымдар орталық жылыту жүйесін сөндіреді.

27. Жылу желілерін, жылу пункттерін және жылу тұтыну жүйелерін жөндеуді бір уақытта 1 қыркүйекке дейін жүргізіледі.

5. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылардың жауапкершілігі

28. Қағиданы бұзғаны үшін қызмет берушілер мен тұтынушылардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және жылу энергиясын беру және (немесе) тарату бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шартқа сәйкес анықталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК